

«Әке асқар тау» тренингі

Мақсаты: психологиялық тренинг арқылы әкелердің мәртебесін ұлықтау, балаларға қолданылатын әдістерді бөлісу, мерекелік көңіл-күй сыйлау, бөбекжаймен тығыз қатынасқа шақыру

1. «Біз жайлы мәлімет» (балаңыз бен өзіңізді таныстырып, ұқсас қырларыңыз болса айтып, шағын мәлімет беріңіздер)

2. «Балаңызды қалай еркелетесіз?»

(Пирамидаларды құрай отырып балаңызды еркелету сөздеріңізді айтыңыз)

3. «Сіз қандай әкесіз?» (стикерлер арқылы екі топқа топтасыңыздар, ақ параққа сіз қандай әкесіз, әкелер қандай болу керек, бір сөзден жазып шығуыңыз сұралады)

4. «Үй тапсырмасы» (Құрметті әкелер, сіздерге алдын-ала үйге тапсырма берілген болатын, баламен бірігіп жасайтын, еркін тақырыпта, еркін форматта, енді сол жұмыстарыңызды таныстыруға рұқсат)

5. «Толағай» (гір тасын көтересіздер, ол үшін екі топ екі сапқа тізіліңіздер, 5 рет оң қолмен 5 рет сол қолмен көтересіз)

6. Мақал-мәтел (әр әке отбасы туралы екі мақал-мәтел айтады) Ата-бабамыздан келе жатқан асыл қазынаны келесі ұрпаққа жеткізу – біздің қасиетті парызымыз, бала тәрбиесінде, ойын ұшқыр етуге, тілін дамытуда мақал-мәтелдер біздің бөбекжайда үнемі қолданылады, үйде де пайдалануға кеңес беремін!

7. «Өз қолыммен» Менің үлгіме ілесе отырып алдарыңыздағы парақтармен қайшы пайдаланбай жырту әдісімен жұмыстанамыз (Жанұя кескіні пайда болды, жанұяңыз аман болсын)

8. «Моториканы дамытайық» (умаждау арқылы қол моторикасын дамытамыз, дәлдікке, ептілікке бағыттайтын ойын, екі сапқа тұрайық, әр қағазды умаждап, алыста тұрған қауырсынға саласыз)

9. Музыка терапия. (Асыл әке әні орындалады)

10. «Аялы, саялы алақан» (алдарыңыздағы парақтарға алақаныңызды бастырыңыздар, оны қиямыз, бүгінгі күннен алған әсерлеріңізді, жазып беруіңізге болады)

11. «Менің көңіл-күйім» (бүгінгі мерекелік тренингтен алған әсерлеріңізді смайлик арқылы жеткізіңіздер)

Рақмет!

Сөз бөбекжай директорына беріледі.

Сау болыңыздар!

Тақырыбы: Өнерлі ана, талапты қыз.

Жүргізуші:— Құрметті қонақтар, ата-аналар және біздің сүйікті балалар!

Бүгін бізде ерекше күн – «Өнерлі ана, талапты қыз» атты сайыс өтеді. Бұл сайыс ана мен қыздың өнері мен шеберлігін, тапқырлығын көрсетуге арналған. Келіңіздер, бір-бірімізге жақсы көңіл күй сыйлайық!

1-бөлім: Таныстыру («Біз қандаймыз?»)

Жүргізуші:— Алдымен сайысқа қатысушы жұптарымызды таныстырып өтейік.

Әр ана мен қызы өздерін таныстырып, есімдері мен ерекшеліктерін айтып береді.

Базарбай Айлин анасы Назира

Менің атым Назира
Қызыммен бірге жарысам
Бәріне үлгі боламыз
Сахнада ерекше бізбіз қашанда
Менің атым Айлин
Шашым ұзын айдаймын
Анамдай мен де әдемі
Өнерім бар салмақты

Жүрген Альмира анасы Мөлдір

Мен Мөлдірмін анамын
Қызым менің жанарым
Ана мен қыз бірге біз
Әрдайым тек биіктеміз
Мен Альмирамын кішкентай
Сурет салуға құмармын
Анамдай мен де талапты
Сайыста біз дарамыз

Садықбек Нұржайна анасы Гүлдана

Мен Гүлдана анасы
Қызым менің қуанышы
Сүйіспеншілік шуағы
Бізден төгіп тұрады
Мен Нұржайнамын сүйкімді
Жақсы көрем анамды
Бәрін маған үйреткен

Анашым ең көрікті

2-бөлім: “Шебер қолдар” (Қолөнер тапсырмасы)

Жүргізуші:— Ана мен қыз бірге қолөнер жасап, шеберліктерін көрсетеді

Тапсырма:

- Қатысушыларға 10-15 минут беріледі.
- Соңында олар өз жұмыстарын таныстырады.

3-бөлім: “Өнерлі жұп”

Жүргізуші:— Енді кезек өнер көрсетуге келді. Қыздар мен аналары өз өнерлерін көрсетеді.

Айлин көрнекіліктермен

Альмира өлең оқу

Нұржайна ән айту

4-бөлім: Сұрақ-жауап «Тапқырлық сайысы»

Жүргізуші:— Ал енді ана мен қыздың бір-бірін қаншалықты жақсы білетінін тексерейік!

Сұрақтар:

1. Анаңыздың сүйікті асы қандай?
2. Қызыңыздың сүйікті ойыны қандай?
3. Анаңыздың сүйікті түсі қандай?
4. Қызыңыздың ең жақсы көретін ертегісі қандай?

5-бөлім: «Көңілді эстафета» (Ойын)

Жүргізуші:— Келесі кезек қызықты ойынға келді. Қыздар мен аналар бірге жарысып, көңілді эстафета ойнайды.

Анасы қызының шашын өріп, шаш үлгісін жасайды.

Қорытынды:

Жүргізуші:— Құрметті қатысушылар! Бүгінгі сайысымыз өте көңілді өтті.

Барлық ана мен қыз – жеңімпаз! Сіздер бір-бірлеріңізді қолдап, өнерлеріңізді ортаға салдыңыздар.

Тақырыбы: Қыз өссе - елдің көркі

Мақсаты: Қыз балаларды ұлттық тұрғыда халқымыздың салт-дәстүрін

қадірлеу, әдет-ғұрпын, ұлтжанды, отансүйгіштік сезімдерге баулу, тәрбиелеу.
Ұйымдастырылу түрі: Жарыс

1. Ұйымдастыру бөлімі

Әнұран айтылады.

1- жүргізуші:

Бүгін біздің ауылда дүбірлі той,
Ден қойып тыңдаңыздар, көңілді қой
Жырдан шашу шашылсын, күй күбірлеп
Қош келдіңіздер, халайық, сергісін бой
Құрметті ұстаздар мен ата - аналар бүгінгі ұйымдастырылған тобымыздың
«Қыз өссе - елдің көркі» атты мерекелік шарамызға қош келдіңіздер!

1. Негізгі бөлім

Қыз - ата - ананың, ауылдың сүйікті баласы, мақтанышы, сәні, базары, көркі.
Қыз - ел, ауыл еркесі, үлпілдеткен үкісі, алақандағы аяулысы, басқа елдің
болашақ келіні, анасы. «Қыз - өріс, қыз - қонақ» деп туған - туыстары оларды
аялап, мәпелеп өсірген.

- Біздің шарамыз жарыс түрінде өтпекші. Жарысқа тобымыздың үш қыз
балалары қатысады. Жарыс мына шарттардан тұрады.

Шарттары:

I. Өзін - өзі таныстыру

II. Ал, кімнің өнері бар қаншалықты...(өз өнерлері)

III. Сұлудың сыры

IV.Сұрақ- жауап

V.Ас адамның арқауы

2-жүргізуші:

Қыз сыны, қыз өнері, қыз әдебі
Тал бойына жарасқан күлкі әдемі
Бір көргенге болмай - ақ сахнада
Өмірде сақталсыншы ұлт әдебі - дей отырып қыздарымызды ортаға
шақырайық.

Серік:

Кімдер жүйрік, өнерпаз, білейікші
Тобымыздың аруы деп жүрейікші
Әділқазы алқасына тек әділдікті
Ал аруларға сәттілік тілейікші

1-жүргізуші

Өнер қуып арулар өтер деймін
Бір басына өнері жетер деймін
Бәске түскен үш ару кезектесіп
Таныстырып өздерін өтер дейін

Таныстырсын өздерін

Тамылжытып сөздерін - дей келе 1 - ші бөлім бойынша қыздарымыз өз - өздерін таныстырады.

Әділқазылардан бағалары сұралады.

2-жүргізуші:

Ал, кімнің өнері бар қаншалықты,

Би билеп, ал біреуі ән салыпты

Бүгінгі сайыста бәйге алуға

Қыздарымыз аянбай жан салыпты - деп қыздарымыздың өнерлерін тамашалайық.

III. Ал, кімнің өнері бар қаншалықты...(өз өнерлері)

- Рет бойынша қыздарымыз өз өнерлерін көрсетеді.

Әділқазылардан бағалары сұралады.

1-жүргізуші

Сымбатына сән киім жарасатын

Аспандағы айменен таласатын

Өнеріне көркі сай келіп тұрған

Аруларға қызығып қарасатын - дей келе 3 - ші бөлімге де кезек берейік.

IV. Сұлудың сыры (қазақтың ұлттық киім үлгісін көрсету)

Қыздарымыз рет - ретімен сән үлгісін көрсетеді.

Әділқазылардан бағалары сұралады.

Ельнур:

Қыз емес қыздың аты қызыл алтын

Көрінер қызыл айдай жүзі жарқын

Үлкеннің алдын орап сөз сөйлемес

Халқының сақтай білген ізгі салтын

Бекдаулет:

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,

Жанары, жаны жаздай жәйрандаған.

“Қыз өссе - елдің көркі “деген сөзді

Қапысыз қалай айтқан қайран бабам?!

Медғат:

Қыз сұлу көрінеді қылығымен,

Жарыса төгілген қос бұрымымен

Бұл күнде сұлулықтың үлкені осы

Қыз сұлу көрінеді білімімен

2-жүргізуші

1. Сұрақ - жауап бөлімі

- Ана туралы мақал

- Жыл мезгілдерін ата

- Наурыз айында болатын мерекелер

2-жүргізуші

1. Бөлім Ас адамның арқауы

«Ас адамның арқауы» (ас мәзірі, үйге тапсырмасы.)

Көрсетті өнер әр салада сайысып,

Қимылдары жүргендей бір жай ұшып.

Мерекелік ас мәзірін жасапты

Аналары мен дем арада майысып.

Қыздарымыз мерекелік ас мәзірін әкеліп, дайындау жолдарымен таныстырады.

III. Қорытынды

Әділқазылардың қорытынды сөзін тыңдау. Марапаттау.

Тақырыбы: «Әжелер сөзі - тәрбие көзі»

Мақсаты: Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Бесік жырын құлаққа сіңіре өскен бала болашақта өз баласына да махаббатын бере алады.

Көрнекілігі: тәрбие сағатының тақырыбы, сайыс барысында күй ойнап тұрады, әсем көктем гүлдерімен, шарлармен безендірілген сахана, ақ жаулықты әжелер тәрбиесінен нақыл сөздер, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар арнауынан үзінділер.

Сайысқа қатысушылар: әже мен қыздары.

Сайыстың өту тәртібі:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Тәрбиешінің кіріспе сөзі.

2. Әже мен немерені таныстыру.

3. Сайыстың шарттарымен таныстыру

4. Сайысты қорытындылау.

Жүргізуші:

Армысыздар құрметті қонақтар, Әжелер, аналар, сүйкімді қыздар!

Жүргізуші:

Өмірдің иесі сен, ғазиз Ана.

Келтірген дүниеге нелер дана.

Анасыз батыр да жоқ, ақын да жоқ,

Өмірдің алтын кілті сонда ғана.

Осы әдемі жыр жолы адамның Анаға айтар лебізі- деп, біздің балалар, асыл әжелері мен қыздарының өнерін үлгі етуге арналған «Әжелер сөзі - тәрбие көзі» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

Жүргізуші:

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Қызықтан тыс қалмаңыздар.

Бүгін біздің үйде дүбірлі той,

Ден қойып тыңдаңыздар, көңілді ғой...

Жырдан шашу шашылсын, күй күмбірлеп,

Әже менен қыз бала тойы басталмақшы,

Ал, халайық ендеше, сергісін бой!-деп, сайыс шымылдығын «Ана туралы жыр» әнімен ашайық. Осы әніміз сіздердің құрметтеріңізге арналады аналар!

Жүргізуші:

Ақ сүт берген аналардың анасы – әже әрқашанда балалық балдәуреннің басы-қасында болатын ақылшы, тәрбиелеуші. Әжелер өнері, әжелер мектебі, олардың өнегесі –бүгінгі қоғамда баға жетпес байлық, бойға тереңнен сіңіретін тәрбие құралы.

«Жан жүрегім, жарығым» деп әже немересін, шөбересін жүрегіне теңейді, өмірден жиған барлық ғибратын бүлдіршінді тәрбиелеуге арнайды. Ата жолын қусын деп адал еңбекке, мейірімді болсын деп қайырымдылыққа баулиды. Әженің әңгімесі мен ертегісін тыңдау, өнегесін үйрену, ақылын жадында тоқу-ұрпақ міндеті. Ол киелі, қасиетті, ардақты жан.

Ал енді, әжелеріміздің қадамы құтты болсын деген ниетпен әжелер мен немерелерін ду қол шапалақпен ортаға шақырайық! (музыка әуенімен әжелер мен қыз балалар ортаға шығады). Музыка әуені –күй «Еркесылқым»

Жүргізуші:

Әже біздің күніміз,

Әженің біз гүліміз.

Балаларды қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз,-дей отырып, қыздарыңызмен «Асыл» әжелері –және әжелерімен ортаға шақырамыз.

Жүргізуші:

Менің әжем, гүл әжем,

Алтын әжем, күн әжем,- дей отырып, қыздарыңыз ...мен«Алтын» әжелері –..... және әжелерімен ортаға шақырамыз.

Жүргізуші:

Әже деген көп шығар,

Әжемдей менің жоқ шығар.

Мейірімді ол кісі,

Қандай ғажап күлкісі-дей отырып, қыздарыңыз ...мен «Нұр» әжелері- және ... әжелерімен ортаға шақырамыз.

Жүргізуші:

Кім жеңеді сайыста үміт алда,

Қобалжу бар жүректе күдік барда.

Әділ- қазы алқасы атыңды ақта,

Жүректерге арман мен бақыт жолда-деп, әділ- қазы алқасымен таныстырамын.

Музыка әуенінде күй «Еркесылқым»

Жүргізуші:

Енді сайысымыздың шартымен танысайық.

1. «Мен әжемін, ұрпағын әлдилеген»- таныстыру.

2. «Көтерейік көңілді ән-жырменен»-өнер сайысы.

3. «Сыр сандық»-сұрақ-жауап сайысы

4. «Өнерлі саусақтар»-үй тапсырмасы. Әжелер мен немерелер қол шеберліктерін ортаға салады.

5. «Салт-дәстүрім қазынам»-атты бесікке салу рәсімі. Бесік жыры.

6. «Жақсы сөз, жарым ырыс»-бата беру рәсімі.

7. Қорытындылау.

1.«Мен әжемін, ұрпағын әлдилеген» атты бірінші сайысымызды бастайық.

Жүргізуші:

«Өзіңді-өзің танысаң істің басы»-деп, енді сайыскерлермен таныстырудың уақыты да жеткен секілді. Сөз кезегі өзеріңізде.

Әжелер өздерін таныстырады.

2. «Көтерейік көңілді ән-жырменен» сайыс.

Жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тітті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүсең менше сүй- деп «Көтерейік көңілді ән-жырменен» кезеңіне де келіп жеттік. Өнерлеріңізді ортаға салыңыздар. Екінші кезеңімізді бастайық әжелер.

3. «Сыр сандық» атты сұрақ-жауап сайысы

Жүргізуші:

Қазақтың түрлі-түсті дәстүрі бар,

Оның сырын ашқанға жұрт қызығар.

Жауаптарын әжелер таба ма екен?

Сол себептен қоятын сұрақтар бар-деп, «Сыр сандық» атты сұрақ-жауап сайысына да келіп жеттік.

(Өр әжеге бір билеттен алады, 1 билетте 3 сұрақ жазылған, ал немерелері әжелерінің жауабынан кейін қойылған сұрақтарға жауап береді.)

Сұрақтар:

1. «Тілашар» қай кезде жасалады?
2. Жеті ата қалай аталады?
3. «Асар» деген салт-дәстүрдің мағынасын қалай түсіндіресіз?
4. (.....ортаға бірге шығып әжесіне арнаған тақпағын айтады)

Мен әжелерге арнаған тақпағымды айтып берейін.

қызы: Менің әжем мейірбан,

Мені жақсы көреді.

Қажетіне жарасам,

Жас балаша күледі.

-Ал енді әже тәрбиесіндегі немерелер жауабын тыңдайық. Қызымызға сұрақ:

1. Әже деген кім болады?

қыз жауабы: (әкеміздің анасы, анамыздың анасы бізге әже болады)

- Тамаша! Дұрыс айтасың.

Жүргізуші:

2. Қазақ халқы баласын қалай тәрбиелеген деп ойлайсың?

- Үлкенге үнемі сәлем бер, қарсы шықпа, үлкеннің алдын кесіп өте шықпа, сөзін бөлме, батасын қабыл ал, ренжітпе.

- Ауылыңда қария болса,

Жазып қойған хатпен тең.

Кәрі, кәрінің сөзі дәрі.

Ақылды қария – ағып жатқан дария.

Өткен менен кеткенді,

Көп жасаған қарт білер – деп айтатын әжем маған.

№2 топ.

Жүргізуші:

Шашымды өріп тараған,

Қабағыма қараған.

Үлкен, кіші бәрі де,

Сыйлайды оны бар адам- дейді, әжелері туралы. Ендеше қыздарымызды

«Алтын» әжелерімен ортаға шақырайық.

Сұрақтар: Немерелеріңізге ертегі айтып бересіз бе? (Бір ертегіні жақсылап айтып берсеңіз)

1. Бес парыз қалай аталады?

2. Ерулік беру қазақтың салт-дәстүрінің бірі. Мағынасын түсіндіріңіз.

Жүргізуші:

Ия, дұрыс айтасыздар құрмет, ізет, мейірімділік деген сөздің мағынасы осы.

-Тамаша, ал Каринаның «Алтын» әжесіне арнаған қандай тақпағы бар екен?

(Карина ортаға бірге шығып әжесіне арнаған тақпағын айтады)

Карина: Мені жақсы көреді,

Күндей күліп келеді.

Көп ертегі біледі,
Маған айтып береді.
Менің әжем, бұл әжем
Айтқан сөзі дәл әжем.
Аман болса көреді,
Қызығымды әлі әжем.
Ауырғанда мен үшін
Әр сүйгені дәрі әжем.
Менің әжем жыр әжем
Шуағы мол, нұр әжем.
Ақ таяққа сүйеніп
Аман-есен жүр әжем!

Жүргізуші:- Жарайсыңдар, өте жақсы Карина.

Жүргізуші:- Тамаша! Дұрыс айтасыз.

-Ал енді әже тәрбиесіндегі қыздарымыздың жауабын тыңдайық. Алена қызымызға сұрақ.- «Үлкендерді құрметте, сыйла, мейірімді бол!» - деп айтып жатырмыз, осы сөздерді өзің қалай түсің, айтшы?

Аленаның жауабы:

- Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке - шешесі немесе атасы мен әжесі секілді қымбатты «қонағы» болса, ол - үйіне олардан артық құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын. Егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса, қартайған ата - анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт - береке деп танысақ - ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата - ана әр кезде де бақытты. Кәріліктің өзінің сәні – мәні бар. Ата - анаға не істесең, алдына сол қайтады. Дүние кезек. Сен өмір бойы жас болып тұрмайсың. Сен ата - ананды сыйласаң, сенің балаларың да қартайғанда өзінді аялап күтіп, бағып - қағатын болады- деп түсінемін.

№3 топ.Жүргізуші:

Әжем болса қасымда,

Көтеріңкі көңілім.

Алтын әжем тілекші,

Немерелер өмірін-дейді сүйкімді Лена қызымыз. Лена мен Марияны «Нұр» әжелерін ортаға шақырамыз.

Сұрақтар:

1. «Бесік» жырының тәрбиелік мәні неде деп ойлайсыз?

2. Әжелердің «Кимешек» киім киюінің қандай тәрбиелік қасиеті болған?

-Ал енді әже тәрбиесіндегі қыздарымыздың жауабын тыңдайық.

Кішкентай Ленаның қандай тартуы бар екен?

Лена:

Аман болсын басыңыз,
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әлі де,
Жүзге жетсін жасыңыз.
Әжем мені тербетіп,
Өсіп кеттім ержетіп.
Сол бесігім үйімде,
Сақтаулы тұр төрімде.
Жүргізуші: - Жарайсың, өте жақсы Лена!

Мария қызымызға сұрақ.

-Мария, әжеңнің айтқан «уыз сүтінің» қасиеті туралы не білесің?

Марияның жауабы:

Уыз сүттің қасиеті.

«Күнделікті өмірде «уызына жарымаған...» дегенді естіп жатамыз. Осы сөздің астарында не жатыр? Бұрынғы әжелер өмір есігін жаңа ашқан жас нәрестені құйрықмаймен ауыздандырған. Алғаш аузына алып, татқан дәмі май болғандықтан да, қазақ баласының асқазаны ауырмаған екен.

- «Қара суға қарап қалады» деген сеніммен, еш уақытта сумен ауыздандырмаған. Қазақ ежелден-ақ өмірге келе салысымен нәрестені анасының бауырына салған. Аанада аналық сезімі баласын емізген кезде пайда болады. Алғаш сәбиін қолына алып, омырауын тосқан ана өзгеше бір сезімге бөленеді екен.

Нәресте бүкіл өміріне жететін иммунитетті екі күн еметұғын уыздан алады екен. Қазақта «уызына жарымаған» дейтін сөз бар. Мысалы, уыз ембеген жетім қозылар тез өліп қалады. Тіпті тірі қалған күнде басқа қозылармен салыстырғанда, шөкімдей болып, өспей қалады. Адам баласы да сондай болғаны ғой...

- Біз ананың екі-үш күн ғана болатын уызында тектік қасиет болатынын біле бермейміз. Ал тектік қасиет дегеніміз - ұлттық қасиет.

Ата-бабаларымыздың уызға аса қатты мән бергенінің себебі - осы.

Мейіріммен берілген сүт баланың бойына дәрумен болып, шипа болып сіңеді. Құр әншейін қарын тойғызу емес, мейірлене емізу арқылы балаға күш-қуат құйылған.

Жүргізуші:

- Тамаша! Дұрыс айтасың. «Әжелер сөзі - тәрбие көзі» дегеніміз осы емес пе.

4.«Өнерлі саусақтар» атты үй тапсырмасы.

Жүргізуші:

Шеберлерім өнер тамып қолынан,

Жаңылмаған ата-баба жолынан.

Шебер қолдар өз өнерін көрсетсін,
Біз айталық төрелігін соңынан,- деп «Өнерлі саусақтар» атты үй тапсырмасына да келіп жеттік. Әжелер мен немерелер өз қолдарымен үйде дайындаған шеберліктерін ортаға салады. Сайыскерлер дайындаған бұйымдарын бір-бірден көрсетіп, түсіндіре айта кетеді де, әділ-қазыларға тапсырады.

5.«Салт-дәстүрім қазынам»-атты бесікке салу рәсімі.

Жүргізуші:

Ендеше, әжелеріміздің немерелеріне көрсететін ұлттық тәрбиенің негізгі арқауы «Салт-дәстүрім қазынам»-атты бесікке салу рәсімін бастайық. Әжелер баланы бесігінің әр затына тоқталып, түсіндіре отырып баланы бесікке бөлейді. Бесік жыры барлық әже, қыздарымызбен орындалады.

Мәселен ел арасында көп айтылатыны:

Әлди-әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем!

Жылама, бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін,

Байқұтанның құйрығын

Жіпке тағып берейін.

Әй-әй бөпем, әй бөпем.

Ән айтайын,бал бөпем.

Ән тыңдағын келсе егер,

Және айтайын, жан көкем...

Бөпем менің ай ма екен?

Шекер ме екен, бал ма екен?

Ойнақтап бір бәйгіден

Озып келер тай ме екен?

Әлди-әлди ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем,

Бармақтарын майысып,

Түрлі ою ойысып,

Шебер болар ма екенсің?

Таңдайларың тақылдап,

Сөзінді жұрт мақұлдап,

Шешен болар ме екенсің? – сынды түрлі нұсқалары айтылады.

(Бесікке баланы бөлеуді көрсеткеннен кейін әжелер бесікке салу ырымдарын береді)

Жүргізуші:

Бесік тәрбиесі-бүкіл ұлттық тәрбиенің негізгі арқауы. Халқымыздың атадан әкеге, әкеден балаға мұра болып келе жатқан қасиетті бұйымдарының бірі –

бесік. Бесікті киелі деп есептеген. Оны өзге жанның ұстамақ түгіл қол тигізуге дәті бармаған. Ұйықтап жатқан ұлының бесігін тербетуге қарсылық білдіріп, оны қызғыштай қорғауының мәні осында жатыр. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» демей ме ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов.

6. «Жақсы сөз, жарым ырыс»-бата беру рәсімі.

Жүргізуші:

«Батасыз құл жарымас, баталы құл арымас»-деп әжелеріміздің осындай тамаша рәсімі жалғасын таба берсін деген ниетпен үлкендерімізден бата сұрайық. Әжелердің үлкені бата береді.

Жас ұрпақ өмірлі болсын,
Тұрмысы көңілді болсын,
Ата-анаға мейірлі болсын
Ағайын-туысқа пейілді болсын.
Өнеге-білімге зейінді болсын,
Он саусағы майысқан шебер болсын,
Ел қорғайтын батыр болсын
Шындықты айтар ақын болсын.
Халқым деген жүрегі болсын
Жұртының қамқор тірегі болсын.
Абыройы өрлесін
Ел алдында ерлесін
Жаманшылық көрмесін!Әумин.

7. Қорытынды, марапаттау.

Жүргізуші:

Енді ортаны ашайық,
Інжу-маржан шашайық.
Күй мен биді шалқытып,
Ән маржанын шашайық,-деп әнге кезек берейік.

Жүргізуші:

Жеңістер мен жеңілістен тұратын,
Өмір күрес, жеткізе ме мұратын.
Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімеген,
Қатысу да бір жеңіс, жан болсаң сен ұғатын- деп, сөз кезегін әділ-қазылар алқасына берелік. Әжелерімізге сыйлар, номинациялар беріледі.
Номинациялар:1.«Білгір әже», 2. «Мейірбан әже», 3. «Алтын оймақты әже»,
4. «Бұлбұл әнші әже», 5. «Сырлы әже», 6. «Өнерлі әже».
Қыздарымызға: 1.«Талапты», 2.«Жылы жүзді», 3. «Шебер қолды»,
4. «Өнерлі», 5. «Әдепті», 6. «Әжесінің көмекшісі» номинациялары.

Жүргізуші: Сонымен, «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» атты сайысымыз да өз мәресіне келіп жетті.

Осымен бұл қызықты тамамдасақ,
Бұл жайды айтамыз ба жаман болсақ.
Үйрендік білмегенді осы жолы,
Тағы да үйренеміз аман болсақ.
Балқаймақ әже, қыздарымызға сырға толы әңгіме шертетін, тойға барса
қасына ертетін, әжелеріміз аман болсын дейміз. Дендеріңізге саулық,
отбасыларыңызға амандық тілейміз.

Тақырыбы: «Әжелер сөзі- тәрбие көзі!»

(дөңгелек үстел)

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру. Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен қарым – қатынасты жақсартуын, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын дәлелдеу.

Отбасындағы ата мен әженің орны және отбасындағы ұлттық тәрбиесі.

Қайырлы күн. Сәлеметсіздер ме, құрметті әжелер! Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз. Бүгін бөбекжайыда музыка апталығы жоспарға сай «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» атты дөңгелек үстелімізді оздырғалы отырмыз, қош келдіңіздер. Алдымен сіздердің құрметтеріңізге арналған бөбекжайымыздың кішкентай бүлдіршіндерінің ән шашуын қабыл алыңыздар.

Олай болса өнерлі балақайларды ортаға шақырайық.

Би: «Сыйлықтар»

Би: «Тәтті кәмпиттер»

Сөз бөбекжай меңгерушісі: Г.Хамиллинаға сөз беріледі.

Жүргізуші сөзі:

Бүгін сіздермен өткізілгелі тұрған дөңгелек үстеліміздің тақырыбы: **«Әжелер сөзі- тәрбие көзі!»** деп аталады. Отбасы - өмірді кемеліне келтіреді, бақыт әкеледі. Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамның ең басты шаттығы болып саналатын, баланың өсіп, өмір сүретін орны. Қазіргі таңда ата – ананың бірінші мақсаты – қаражат табу, балаларын еш нәрседен мұқтаж етпеу болып қалды. Бала–шағаның қамымен жүрген ата-ана бала тәрбиесіне де көңіл бөле алмай қалды. Ал бала тәрбиесі отбасынан басталады, қалыптасады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші жақсы – жаман әдеттерді бала отбасында үйренеді. Отбасындағы кикілжің-ұрыстар баланың психикасына әсер етеді. Баланың мейірімді, еңбекқор, әдепті болып өсуі –

отбасында жайлы, жақсы климаттың болуы. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлудіміз керек және осы отбасындағы бала тәрбиесіндегі әжелердің орны қандай болу керек теп ойлайсыздар.

Жүргізуші сөзі:

1. “Мен үшін қымбат...” (Аялы алақаны, мейірімі, ыстық жүрегі, жан жылуы, махаббаты, мейірімді көздері, күлкісі)

2. “Немере деген кім?” (Болашағымыз, Асыраушымыз, Көмекшіміз, Ақылшымыз, Өміріміздің жалғасы, Үмітіміз, Бауыр етіміз)

3. Әжелерге арналған ситуациялық сұрақтар

1) Өз отбасыңның басшысы кім болу керек?

2) Отбасында бала тәрбиесіне кім көп көңіл бөлгені дұрыс?

3) Ата мен әженің қазіргі таңдағы бала тәрбиесіндегі үлесі қандай?

4) Бала тәрбиесінде әке қатал болуы керек деген пікірге

қалай қарайсың?

5) Сіздің ойыңызша ата-анаға қыз баланы ма, әлде ер баланы

тәрбиелеу қиын ба?

6) Кейбір ата-аналардың баласының әрбір істеген іс-әрекетіне

көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың»,

деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға

беруге қалай қарайсыз?

7) Немереңіз бала бақшадан көңілсіз, жылап келді,

не істейсіз?

8) Немереңіздің өнері, қандай да бір іске қызығушылығы,

бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?

9) Немереңіз ұялы телефон бер деп жылады.

Сіз: «Шамалы шыдай тұр, уақытында беремін» - дедіңіз.

Немереңіз тыңдамай мазанызды алды..

Сіздің әрекетіңіз?

10) Бала тәрбиесінде әженің орны қандай болу керек?

11) Отбасындағы ұлттық тәрбие дегеніміз не ?

“Тілек шамы”

«Отбасы» атауының мәніне үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Ал ата-ананың алақаны оттан да ыстық. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болу үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Ана жанын әже болсаң ұғарсың,

Алдында ол биік құзар шың.

Немере үшін кеуде керіп мақтанып,

Немере үшін биіктен де құларсың.

Әже мерейі күн көзімен пара -пар,

Тұла бойға қуат болып таралар.

Өмірімізге шуақ шашып әрқашан

Көп жасаңыз, ақ ниетті әжелер,-

дей отырып бүгінгі дөңгелек үстелемізге қатысқандарыңызға көп-көп рахмет.

Қатысқан әжелер Өн: «Асыл әжем» хор әжелер.

Тақырыбы: 22-ші наурыз мерекесіне арналған «Дәстүрімнің балқаймағы әжелер мен немере» сайысы

Мақсаты: Бүлдіршіндерге ата-баба дәстүрін насихаттап, әжелерден тәлім-тәрбие алып, олардың көрсеткен ұлттық рәсімдерін естеріне сақтап тәлім-тәрбие алу. Бүлдіршіндерді ізгілікке, үлкенді сыйлап тыңдай білуге, құрметтеуге, халқымыздың салт-дәстүрінен нәр алуға, ой-өрісін дамыту, өнерге баули отырып инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, қонақтар, тәрбиешілер және бүлдіршіндер! сіздерді ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен құттықтаймыз.

Армысыздар, жамағат!

Ару көктем, әз Наурызым, ақ күнім,

Ала келген бар әлемнің шаттығын.

Қазан-қазан көже жасап,

Азан-қазан көңілменен күй кешу.

Біздер үшін бақ бүгін!

Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған,

Тәлімді ой санағы, тәрбие көзі қалдырған.

Салт-дәстүрді ардақтайық ағайын,

«Қазақ» атты үлкен-кіші балдырған-дей отырып, наурыз мерекесіне орай жас ұрпақты ата -баба дәстүрімен тәрбиелеп, Әже тәрбиесін үлгі ету. Әжелер айтқаны асыл екенін, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Баланы кішіпейілділікке, әже-атаны құрметтеуге үйрету мақсатында өткізілгелі отырған ардақты да асыл әжелеріміздің өнерін үлгі етуге арналған «Дәстүрімнің балқаймағы әжелер мен немере» сайысына қош келдіңіздер!

Ендеше, Әже деген көп шығар

Әжемдей менің жоқ шығар

Мейірімді ол кісі

Қандай ғажап күлкісі - дей отырып ортамызға сайысқа қатысушы әжелеріміз бен

немерелерін ду - қол шапалақпен ортамызға шақырайық!
Бүгінгі сайысқа әжелерімізді немересімен қол соғып ортаға шақырамыз.

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.

Жүргізуші: Баланың бойындағы асыл қасиеттерді отбасында ата-әжесі қалыптастырған. Сонымен қатар ұлттық тәрбиенің, ізгіліктің дәнін әжелер сепкен. Ата мен әженің тұңғыш немересін бауырына басып, өз баласынан артық бағып-қағуында үлкен мән бар. Әженің емірене маңдайдан сүйіп, бауырына қысып еркелеткеніне жетер ештеңе жоқ. Олай болса Сіздердей әжелерімізге құрмет көрсетіп, шапалақ ұрып қояйық. Бүгінгі сайысымызды әділ бағалап, ұпайларын беретін қазылармен таныстырып өтейін. Бөбекжаймыздың меңгерушісі Айболсын Адиевқызы және бөбекжай әдіскері Тыныштық Сәрсенбайқызы.

Жүргізуші: Сайысымыздың кезеңдерімен таныс болыңыздар.

I. Таныстыру.

II. «Сыр сандық» сұрақ-жауап

III. «Шебердің қолы алтын» (көрпе құрақ жасау)

IV. «Әжемнің әрбір тәтті тағамы» ұлттық тағам, ұннан, дақылдан, еттен, сүттен болуы тиіс

V. «Қазақ салт-дәстүрімен, ұлттық ойынымен мәнді» Қазақтың салт-дәстүрлерімен ұлттық ойындарын көрсету;

Жүргізуші: Құрметті асыл Әжелер!

Бала деген бал екен.

Бал дегенің бала екен.

Немеренің бойында

Бар жақсылық бар екен.

Туған балаң жай ғана.

Демесең де жат бөтен.

Нағыз бала ойласаң

«Немере» екен тәтті екен-деп сайысымызды бастайық.

Өнер қуып әжелер өтер дейміз.

Бір басына өнері жетер дейміз.

Сайысқа келген әжелер кезектесіп,

Таныстырып өздерін өтсе дейміз.

I-ші бөлім. Таныстыру.

Жүргізуші: Келесі кезеңіміз сұрақ жауап. Сіздерге билеттер ұсынамын. 1 билетте 3 сұрақтан болады.

II. «Сыр сандық» сұрақ-жауап.

1 - билет

1. «Тілашар» қай кезде жасалады.

2. Дастархан басында қандай ескертулер жасалады.
3. Ұйқасын тап: Өзінше ноян, қорқақ кім?....

2 - Билет

1. Жеті ата қалай аталады?
2. Немерелеріңізге ертегі айтып бересіз бе?
3. Ұйқасын тап: Үні ғажап дүлдүл, бақта сайрар....

3 - билет

1. Үш арсыз қалай аталады?
2. Қазақ халқы баласын қалай тәрбиелеген?
3. Ұйқасын тап: Тұмсығымен шымшып, күрт тереді....

4 - Билет

1. Бес парыз қалай аталады?
2. Әженің бала тәрбиесіндегі орны қандай?
3. Ұйқасын тап: Ормандағы аюдың
Құлпынайы көп екен,
Теріп - теріп алайық.
Қалтамызға.....

5 - билет

1. Базарлық деген не?
2. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ата
3. Ұйқасын тап: Аю отыр партада
Екі қолы қалтада
Апай сабақ сұраса
Ұйықтап қалды.....

6-шы билет

1. Наурыз сөзі қандай ұғымды білдіреді?(жаңа күн)
2. Балаға байланысты қазақ халқының мерекелері?(балаға ат қою,шілдехана,бесік тойы,сүндетке отырғызу тойы т.б.)
3. Ұлыстың ұлы күні жасалатын тағам? (наурыз көже)

Жүргізуші: Бәрекелді! Ендеше келесі кезеңіміз «Шебердің қолы алтын» (көрпе құрақ жасау)деп аталады.

Шеберлерім өнер тамып қолынан

Жаңылмаған ата-баба жолынан

Шебер қолдар өз өнерін көрсетсін.

Біз айтайық төрелігін соңынан-дей отырып Әжелеріміз немерелері мен көрпе құрақты жасағанша әнге кезек берейік.

Ортада Аққайың тобының бүлдіршіндерінің орындауында «Әжем менің» әні.

III. «Шебердің қолы алтын» (көрпе құрақ жасау)

Жүргізуші: Аналарды сүйеміз,сөзін ойға түйеміз,

Әжені де ардақтап,әдеппен бас иеміз-деп келесі кезеңіміз «Әжемнің әрбір тәтті тағамы» деп аталады. Әжелеріміздің махаббатпен, мейіріммен, сүйіспеншілікпен дайындаған әрбір тағамдары дәмді де ерекше болады емеспе?! Қазақтың ұлттық дәмдерін дайындап, таныстыру. Бастысы қазақ халқының ұлттық тағамдарының өзгешілігін болашақ ұрпақтың есінде қалуы үшін, күнделікті дастархан басында дайындап, айтып насихаттау. Ұлттық тағам ұннан, дақылдан,еттен, сүттен болуы тиіс.

Ұлыс күні тағам толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Әжелер ұлттық тағам жасаса,
Қолдарынан бал тамар.
Әжелер өздері дайындаған ұлттық тағамдармен таныстырады.

IV «Әжемнің әрбір тәтті тағамы»

Жүргізуші: Келесі де соңғы кезеңіміз «Қазақ салт-дәстүрімен, ұлттық ойынымен мәнді» деп аталады. Бұл кезеңде, әжелерімізге тапсырма берілді. Қазір әр қатысушы қазақтың салт-дәстүрлерімен ұлттық ойындарын көрсетіп, балаларға яғни немересіне көрсететін болады. Сандықшадан тапсырманы таңдап аласыз.

V. «Қазақ салт-дәстүрімен, ұлттық ойынымен мәнді»

1.Бесікке салу

Анам мені тербетіп,
Өсіп кеттім ержетіп
Сол бесігім үйімде
Сақтаулы тұр төрімде.- деп бесікке салу
Жолың болсын деселік
Жолыңа нұр төселік
Жарылқасын алдыңнан
Тұсауыңды кеселік.- деп **тұсау кесу рәсімі** жасалады.

3.Ханталапай ойыны. Сонымен қатар, Қазақ асық ойынның түрлері көп. Сондай ойындардың бірі қазақтың ежелден келе жатқан Ханталапай ойыны. Бұл ойынның басты ерекшеліктерінің бірі – ойынды тек ер балалар ғана емес, қыз балалар да ойнайтын болған. Ойынның ережесі бойынша төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асық өзгелерден ерекшеленіп тұруы қажет. Оның түсі не қызыл, не көк түске боялуы шарт.

4.қыз қуу Балалар арасынан бір ер бала,бір қызды(ағаш атпен)қуады.Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені.Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

5.Әже әлдіі Дүниеге келген сәбиді көзін ашқаннан құшағына алып, бесік жырымен әлдилеген.

6. «Бесік тәрбие бастауы» Шілдехана рәсімі

Жүргізуші: Міне құрметті қонақтар, отбасы құндылығы сарқылмас қазына.Қариясы бар үйдің, қазынасы бар демекші, қазақ ата-әжесінің тәрбиесін көрген бала басқаша болады, айналасының да көзқарасы оған ерекше-тұғын. Өйткені ауыл үлкендерінің жанында жүріп, олардың өнегелі әңгімесін тыңдап өскен баланың сана-сезімі басқалардан ерекше болып қалыптасады. Сондықтан әжелерді таптырмас тәрбие мектебі дейміз. Әдетте әже тәрбиесін алған баланы жұрт "тәрбиелі бала", "көргенді бала" деп баға беріп жатады. Өйткені әженің мейіріміне бөленіп, тәрбиесін алып өскен бала үй шаруасына бейім болады, өзі мейірімді, адал болып өседі, – дейді этнограф. Әже өнегесі – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі. Әже алдын көріп, тәлімін алған, тарихта есімі қалған ұлылар көп. Зере әжесінің зерделі аңыз-әңгімелері мен жыр-дастандарын тыңдап өскен бала Абай дана Абайға айналды.Ал Айғанымдай әженің тәрбиесін алған Шоқан қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы

болды. Бұдан өзге Біржан сал, Мұхтар сынды қазақтың біртуар азаматтары да әженің тәрбиесін көріп, әженің алақанынан түлеп ұшқан. Яғни, қазақтың нар тұлғалы азаматтарының көбі әже мектебінен сусындап өскен адамдар.

Міне, сайысымыздың шешуші кезеңіне кеп жеттік. Әділ қазыларға сөз берелік. Әр әжелер мен немерелердің өнерлерімен, шеберліктерін, тапқырлықтарын бағалай келе

«Сабырлы әже»
«Шебер әже»
«Өнерлі әже»
«Тапқыр әже»
«Парасатты әже»
«Мейірбан әже»

номинациясы бойынша барлық әжелер мен немерелер марапатталды.

«Көп білгеннен емес, көп көргеннен сұра», демекші асыл әжелеріміздің көрсеткенін үлгі тұтып, есімізде сақтап жүрейік. Осыменен сайысымыз аяқталды. Көріскенше күн жақсы болсын.

Сау болыңыздар.

Тақырыбы: «Анаға қарап қыз өсер»

Шараның мақсаты: балаларға анасын құрметтей білуді үйтрету, әлемдегі ең асыл жан екендігін сездіру.

Міндеті: Аналары туралы қойылған сұраққа ойларын ашық айта білу. Салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын сақтай білуге сөздік қорын молайтып, ой-өрісін дамыту. Халқымыздың салт-дәстүрлері арқылы биязылыққа, инабаттылыққа, ана өнегесінен үлгі алуға тәрбиелеу.

Өту барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

2. Тәрбиешінің алғы сөзі: Аяулы аналар сіздерге дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Адам бойындағы барлық жақсы қасиет, күннің нұрынан, ананың сүтінен жаралған. Сондықтан құрметті аналар, бүгінгі кездесуден алар әсеріміз көп болсын! Ана дегеніміз - әлемнің жан-дүниесі, оның бастауы мен таусылмайтын жалғасы. Анамызға деген көңіліміз, мейіріміз ұшан-теңіз.

I. «Кел, танысайық» Әр ана мен бала өз атына лайық сөзбен өзін таныстырады.

М/ы: Менің атым Сезім- мен сыйлымын, менің атым Мақпал-мейрімдімін.

II.Танымдық сұрақтар алаңын өткізу: «Мен анамды қаншалықты білемін?»

1.Анаң қандай түсті киімдерді ұнатады?

2.Жақсы көретін тағамы.

3.Ұнататын гүлі қандай?

4.Анаң қандай иіссуды ұнатады?

5.Бос кезде немен шұғылданғанды ұнатады?

6.Ұнатпайтын ісі қандай?

7.Ұнататын әншісі кім?

8.Сырғасы қандай?(Неден жасалған?)

9.Анаңның көзінің түсі қандай?

10. Ананың туыстары саған кім болды? (Жеңімпаздарды марапаттау)

Тәрбиеші: Адамды дүниеге әкелетін, өмір сыйлайтын құдіреті алдында бәріміз де бас июге тиіспіз.

Ақ сүтінен жаралған,

Ақ сүтінен нәр алған,

Анаға бас иеміз!

Туған елдің тілі деп,

Туған жердің үні деп,

Анаға бас иеміз! Біз мәңгілік сіздерге аналар, борыштармыз дегім келеді.

Сіздерге балалық жүректен мың да бір алғыс.

III.Аналарға арналған жыр шумақтарына кезек береміз.

1.Ана біздің күніміз,

Ананың біз гүліміз

Ұланыңды қуантып

Ұзақ өмір сүріңіз.

2.Мәпелейсің мені, анам

Қолыңдағы құсындай

Құлпыра өсіп дем алам

Құшағыңда қысылмай.

3. Бізді өсіріп, баптаған,

Жақсы болсақ, шаттанған
Мұхтар "Алтыным" деп мақтаған
Аяулы менің ақ мамам!

4. Әр сөзінді жаттаған,
Жүрегімде сақтағам
Анашым деп мақтанам,
Аяулы менің ақ мамам!

5. Ана - көркі көгімнің
Ана - нұры жерімнің.
Ана - бағы баланың
Мақтанышы елімнің.

6. Әже деген көп шығар,
Әжелердей жоқ шығар.
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

7-оқушы: Мұрат, мүдде, мақсатың-
Жақсы күн мен жақсы түн.

Нағыз бақыт – ананың
Ақтау дер ем ақ сүтін

8. Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап, Әйкерім
Әдеппен бас иеміз.

9. Әлпештеген баласын,
Ана – бақыт, ана – күн.
Әркім сүйіп өзінің,

Мақтан етер анасын!

IV Ойын: «Атын ата». Балалар көздерін жауып тұрып, аналарының біреуі ғана «балам» деп айтуы керек. Балалар өз анасының даусынан табуы керек.

Аттары дауысты дыбыстан басталатын балалар тұрады, аналар тұрады.

Аттары дауыссыз дыбыстан басталатын балалар тұрады, аналар тұрады.

Ата - ана тәрбиелеп балапанын
Әлдилеп, аялаған алақанын.
Болашақта бақ тілеп тұрасыңдар,
Ойлауменен алдағы бала қамын - дей отырып сөз кезегін аналарға береміз.

V. Анаға тілек (Балалар аналарына арнаған өз тілектерін айтады.)

«МАММА MIA!

Ана мен қызға арналған ұлттық құндылықтарға негізделген музыкалық-шығармалық байқау сценарийі

Мақсаты:

- Ана арқылы қыз балаға ұлттық тәрбие беру
- Өнер, қолөнер, тағам дайындау арқылы салт-дәстүрді таныту
- Ана мен қыздың арасындағы рухани байланысты нығайту

Жүргізуші: Армысыздар, қадірлі аналар, аяулы қонақтар, сүйікті бүлдіршіндер! Бүгін біз ерекше, жүрекке жылу сыйлайтын шарада бас қосып отырмыз. Қазақ халқы қыз баланы — ұлттың ұяты, болашағы деп тәрбиелеген. «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» деп бекер айтылмаған.

Бүгінгі «МАММА MIA!» байқауы – анадан қызға берілер өнеге, мейірім мен ұлттық тәрбиенің көрінісі болмақ!

Олай болса бүгінгі сайысымыздың қатысушыларымен таныс болайық.

Сайысымызды бағалайтын әділ қазыларымызбен таныс болайық!

Бөбекжайымыздың әдіскері Ы.Есимғалиева және бөбекжайымыздың шаруашылық бөлімінің қызметкері, өнегелі әже Баян апа!

Ендеше сайысымыздың кезеңдерімен таныс болайық

1-ТАНЫСТЫРУ «ТЕКТІ ҰРПАҚ»

II КЕЗЕҢ «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»

III КЕЗЕҢ «ҚОЛӨНЕР – ҰРПАҚҚА МҰРА»

IV КЕЗЕҢ «АНА ДӘСТҮРІ – ДӘМ АРҚЫЛЫ»

V КЕЗЕҢ «АНА СӨЗІ – ҚЫЗҒА АМАНАТ»

Жүргізуші: Олай болса алғашқы кезеңімізді бастайық. Ана мен қыз сахнаға бірге шығып өздерін таныстыру.

1-ТАНЫСТЫРУ «ТЕКТІ ҰРПАҚ»

Сөз үлгісі: Біз – ана мен қызбыз;

Қызымызды инабаттылыққа, үлкенді сыйлауға, ұлттық дәстүрді қастерлеуге тәрбиелейміз;

Ана тәрбиесі – қыз болашағы т.б. Ана мен қыз ортаға шығып, өздерін таныстырады.

Отбасы туралы, қыз тәрбиесінде ұстанатын дәстүрлері жайлы қысқаша айтады.

Сұрақ үлгілері:

- Қызыңызға қандай қасиеттерді үйретіп жүрсіз?
- Отбасыңызда қандай ұлттық дәстүр сақталған?

Жүргізуші: Келесі кезеңіміз ана мен қыздың рухани байланысын көрсету мақсатында өз өнерлерін көрсету. Өнер – тәрбиенің бастауы, ән – ананың жүрек үні!

Таңдау бойынша:

- Ана мен қыз бірге ән айтады
- Бесік жырының 1 шумағы
- Қазақ биінің жеңіл қимылдары
- Өлең оқу

II КЕЗЕҢ «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»

Жүргізуші: Келесі кезеңіміз «ҚОЛӨНЕР – ҰРПАҚҚА МҰРА» деп аталады. Бұл турда ананың қызға сабыр, ұқыптылық үйретуі бағаланатын болады. Ана мен қыз бірге 3 минутта қолөнер бұйымын жасайды.

Нұсқалар:

- Ою-өрнек жапсыру
 - Моншақтан білезік
 - Тұмарша
 - Қуыршаққа ұлттық киім элементін безендіру
- Қағаздан гүл, әшекей дайындау

Анасы қысқаша түсіндіру. Мысалы: Бұл ою – береке мен қорғаныштың белгісі.

III КЕЗЕҢ «ҚОЛӨНЕР – ҰРПАҚҚА МҰРА»

Жүргізуші: Сайысымыздың соңғы кезеңі «АНА ДӘСТҮРІ – ДӘМ АРҚЫЛЫ» деп аталады. Ана мен қызы бірге дайындап әкелген ұлттық тағамды таныстыру. Тағамның жасалу жолы мен мағынасын түсіндіру.

IV КЕЗЕҢ «АНА ДӘСТҮРІ – ДӘМ АРҚЫЛЫ»

Жүргізуші: Міне құрметті қонақтар Ана мен қыздың ұлттық құндылықтарға негізделген сайысымыздың ең қорытынды сәтінде «Ана сөзі – қызға аманат» деген құнды да әсерлі сөзімен тәрбиелік мәні зор бөліммен аяқтағымыз келеді. Ана қызына жүрекжарды тілегін, ақыл-өсиетін арнайтын боласыздар.

Мысал: Қызым, әдебің – көркің.

Тәрбиенің – өмірлік жолың болсын т.б.

V КЕЗЕҢ «АНА СӨЗІ – ҚЫЗҒА АМАНАТ»

Жүргізуші:Бүгін біз ананың даналығын, қыздың инабаттылығын, ұлттық тәрбиенің шынайы көрінісін көрдік.МАММА MIA –бұл тек байқау емес,бұл — ана мектебі,ұлттың болашағы!

Ендеше бүгінгі анасы мен қызының көрсеткен өнерлерін бағалап, марапаттауға рұқсат етіңіздер!

МАРАПАТТАУ (номинациялар):

- «Өнерлі ана мен қыз»
- «Ұлттық дәстүр шебері»
- «Шебер қолдар»
- «Текті тәрбие»

Қатысушыларға алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталады.